

Қазақстандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы – жеке тұлғаларды кредиттеу үшін, сондай-ақ қазақстандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, автокөлік құралдарын және арнайы мақсаттағы автотехниканы лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді лизингтік қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді шартты қаржыландыру арқылы отандық автомобиль өндірушілерді қаржыландыру үшін "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің негізгі шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 ақпандағы № 79 қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 180-бабының 2-тармағына, "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2018 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған қазақстандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы – жеке тұлғаларды кредиттеу үшін, сондай-ақ қазақстандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, автокөлік құралдарын және арнайы мақсаттағы автотехниканы лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді лизингтік қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді шартты қаржыландыру арқылы отандық автомобиль өндірушілерді қаржыландыру үшін "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамын кейіннен кредиттеумен, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің негізгі шарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамымен кредиттік шарт жасасуды;

2) кредит берудің негізгі және қосымша шарттарының орындалуын бақылауды;

3) бюджеттік кредиттің нысаналы және тиімді пайдаланылуын, уақтылы өтелуі мен оған қызмет көрсетілуін бақылауды және мониторингтеуді қамтамасыз етсін.

3. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы (келісу бойынша) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктеріне кредиттің игерілуі туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы – жеке тұлғаларды кредиттеу үшін, сондай-ақ қазақстандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, автокөлік құралдарын және арнайы мақсаттағы автотехниканы лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді лизингтік қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді шартты қаржыландыру арқылы отандық автомобиль өндірушілерді қаржыландыру үшін "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамын кейіннен кредиттеумен, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің негізгі шарттары

1. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Қарыз алушы) кредит беру үшін мынадай негізгі шарттар белгіленеді:

1) кредит "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2018 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында 242 "Қазақстандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы – жеке тұлғаларды кредиттеу үшін, сондай-ақ қазақстандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, автокөлік құралдарын және арнайы мақсаттағы автотехниканы лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді лизингтік қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді шартты түрде қаржыландыру арқылы отандық автомобиль өндірушілерді қаржыландыру үшін "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ кейіннен кредиттеумен "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ кредиттеу" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген 10000000000 (он миллиард) теңге сомасында беріледі;

2) кредит қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында 18 (он сегіз) жыл мерзімге жылдық 0,1 %-ға тең сыйақы мөлшерлемесі бойынша теңгемен беріледі;

3) республикалық бюджеттен кредитті бөлу қарыз алушының шотына кредиттің барлық сомасын біржола аудару жолымен жүзеге асырылады;

4) игеру кезеңі қарыз алушының шотына кредит аударылған күннен бастап 18 (он сегіз) айдан аспайды;

5) кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу жылына 2 (екі) рет жартыжылдық төлемдермен жүзеге асырылады;

6) кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы 6 жылды құрайтын жеңілдік кезеңі өткен соң 2025 жылдан бастап тең үлестермен жылына 2 (екі) рет жүзеге асырады;

7) бюджеттік кредитті берудің мақсаты қазақстандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы – жеке тұлғаларды кредиттеу үшін, сондай-ақ қазақстандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, автокөлік құралдарын және арнайы мақсаттағы автотехниканы лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді лизингтік қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді шартты түрде қаржыландыру арқылы отандық автомобиль өндірушілерді қаржыландыру үшін қарыз алушының "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына жылдық 0,15 % сыйақы мөлшерлемесі бойынша кейіннен кредит беруі болып табылады.

2. Кредитті беру, өтеу және оған қызмет көрсету бойынша қосымша шарттар Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес кредиттік шартта белгіленеді.